



Қазақстандағы медиа

Орындаған: Баймуратова А. А

Тексерген: Алимбекова С. К


Жаңа медиа ақпарат таратудағы жылдамдығымен ерекшеленіп тұр. Дәстүрлі журналистикамен қатар **интернет журналистика** да қоғамда өзіндік орнын айқындай бастады. **Бізде дәстүрлі БАҚ** пен интернет арасындағы бәсекелестікте таразы басы тең емес. Әлемде ақпарат тарату шапшаңдығымен ерекшеленетін **онлайн журналистика** алға озды. Жыл сайын ақпаратты интернет арқылы алушылар саны көбейіп келеді. Мысалы, 2007 жылы 1,1 млрд адам жаңалықтарды интернеттен оқып білсе, 2010 жылы оның саны 5,4 млрд-қа дейін еселене түскен.

Медиадағы жеткіліксіз элементтер

- Сандық сапаның жетіспеушілігі;
- Ұқсас форматтар мен арналар;
- Плагиаттық өнімнің көптігі;
- Таргет пен SMM жүйелерін тиімсіз пайдалану;
- Жарнамалық сапасыздық



Контент тұсында жіберілетін тағы бір қателік — қазақ интернет-журналистикасында сараптама жоқ, тың деректер жазылмайды. Журналисттерде өз бетінше іздену деген шынымен де жоқ, елден ерек материалдар сирек, өте-өте сирек жазылады. Көбіне **пресс-релиздегі ақпараттарды «азық қылады».**



БАҚ – бұл мемлекеттік идеология құралы. Әрбір аймақтың, әрбір мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Үлкен мемлекеттер айналасындағы шағын елдердің мәдениетін басып, халқын өз аузына қаратып алуға талпынады. Сондықтан шағын елдердің өз мәдениетіне және өз ақпараттық саясатын жүргізу ісіне мығым болуы қажет. Бұл Қазақстан үшін, мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін өзекті мәселе болып табылады.



Сарапшылар БАҚ-тың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді:

- жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі;
- арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы;
- ақпарат таратушының қабылдаушыға біржақты ықпалы;
- тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі.



Қоғамның пікірін қалыптастыру, ақпаратпен қамтамасыз ету, ағарту, ойын-сауық, хабар беру және экономикалық жағынан үлес қосу сияқты қызметтер ақпарат құралдарының қызметі бола тұра, мәселелері де жоқ емес:

- Экономикалық мәселелер;
- Журналистердің танымалдығы;
- Жұмыспен қамту (жалақы);
- Ақпарат құралдарының еркіндігі және этикалық жағдайы;
- Жергілікті ақпарат құралдарының мәселелерін қолға алу.
- Құқықтық мәселелер.



Бір сөзбен айтқанда, БАҚ – күнделікті теледидар, радио, мерзімді баспасөз басылымы және интернет сайттар. Ал, оған қоса жаңа медиа мен жаңа ақпараттық технологиялардың ақпарат таратып, ақпарат жинақтауын да қосуға болады. Наполеон: "Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор", - деген. Адамзат тарихы әуел бастан және көптеген мысалдар барысында тілдің тек коммуникацияның жай негізгі құралы ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық, әлеуметтік мәжбүрлеу мен бағындырудың қуатты құралы екендігін де дәлелдеп келеді...



**Назарларыңызға
рахмет!**